

№сх. 18-10-34  
отр 09.02.24

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы  
Қоғамдық палата отырыстарының «Қазақстан Республикасының  
кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасын  
талқылау қорытындысы бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

2024 жылғы 26 қаңтарда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның (бұдан әрі – ҚП) отырысы өтті, онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелері талқыланды.

ҚП мүшелері ұсынылған заң жобасын жалпы қолдады. Бұрын қабылданған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» ҚР-ның Заңын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте осындай заңсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталған пәрменді құқықтық тетіктер, жариялылық және ашықтық қажет екендігі атап өтілді.

ҚП мүшелерінің пікірінше, егер мемлекеттік уәкілетті органдар жүйелі тәсілді қолдана отырып, сыбайлас жемқорлық салдарымен күресуден оған ықпал ететін факторларды анықтауға және жоюға көшсе, осы саладағы көптеген проблемаларды шешуге болады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

*Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті (бас комитет) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:*

- заң жобасына «іскерлік сыбайлас жемқорлық» және «саяси сыбайлас жемқорлық» деген ұғымдарды енгізісін;
- «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 6-тарауына тиісті өзгерістер енгізе отырып, заң жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың тиімділігін қарастырсын;
- құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын адамдарды қорғаудың нақты тетіктерін әзірлесін және енгізісін;
- мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстары туралы декларацияның жариялылығын енгізу туралы мәселені қарастырсын;
- заңсыз шығарылған және қайтарылған активтер тізілімінің және осы активтер алынатын лауазымды адамдар тізілімінің жариялылығын енгізісін;
- заң жобасында ұсынылып отырған ҚР Қылмыстық кодексінің жаңа 247-1-бабының (Сыйақыны заңсыз беру) редакциясын пара ұсыну және

бопсалау салдарынан пара беруге уәде ету жағдайларын бөлу мақсатында жақсартсын және нақтыласын;

- заңнамаға мемлекеттік емес және коммерциялық емес құрылымдар орындайтын «жария функциялар» ұғымын енгізісін, өйткені қоғамдық мүдделердің осы саласында да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар;

- мүдделер қақтығысы туралы жеке заң қабылдау мәселесін қарастырсын. Бұл мүдделер қақтығысы ұғымын барлық салаға, атап айтқанда білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына кеңейтуге мүмкіндік береді;

- тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде заңнамаға академиялық адалдық және плагиат ұғымдарын енгізісін;


- ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің 72-бабы) шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды алып тастау мүмкіндігін қарастырсын;

- мемлекеттік қызметшіге қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кінәні дәлелдейтін дәлелдер болмаған жағдайда соттың санкциясымен шығара алатын «жария күдік» ұғымын (мәртебесін) заңнамалық тұрғыдан енгізісін. Егер уәкілетті орган заңда белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік қызметші кінәсінің дәлелдерін көрсетпесе, онда бұл мәртебе ұзарту құқығынсыз алынып тасталады;

- мемлекеттік қызметші арнайы сауалнамаға тек жақын туыстарының ғана емес, сонымен бірге осы анықтамаға жататын, олармен тұрақты байланыста болатын барлық туысының деректерін енгізуі тиіс екенін қарастырсын. Егер болашақта мемлекеттік қызметшінің туысымен байланыс фактісін жасырғаны дәлелденсе, бұл ауырлататын факт ретінде қарастырылады;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында тәжірибелі психологтардың қатысуымен мемлекеттік қызметшілерді «өтірік детекторында» (оларды кездейсоқ іріктеу әдісімен) тексеруді көздесін.

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің жанындағы  
Қоғамдық палатаның төрағасы**

 **А. САРЫМ**